

**«Алмажан+» жеке балабақшасының Қамқоршылық
кеңесінің №2 жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «14» желтоқсан 2024 жыл
Өткізілген орны Балабақша ғимараты
Төрағасы: Казиева Айдана Нурмановна.
Хатшысы: Маренова Айым Нұрланқызы.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 3 адам, балабақша меңгерушісі
А.Н.Мухамбетжанова, балабақша медбикесі Мұратова Н.М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1 МДҰ дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Мектепке дейінгі ұйымның 2024–2025 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
- 2 Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау ұйымдастыру және өткізу
- 3 Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
- 4 Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын нысандарын мөлшері мен тәртібін айқындау.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:

1 Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Н.Мухамбетжанова сөз алып қатысушыларды мектепке дейінгі ұйымның 2024–2025 оқу жылына арналған Даму бағдарламасымен және жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Ол балабақшаның алға қойған мақсаттары мен оқу тәрбие үдерісінің басым бағыттарына тоқталып өтті. Осы бағыттар бойынша қамқоршылық кеңес тарапынан ұсынымдар әзірлеу қажеттілігі айтылды.

Сөз сөйледі: Кеңес төрағасы Казиева Айдана Нурмановна Даму бағдарламасында көрсетілген балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін арттыру шараларын қолдайтынын білдіріп кеңес мүшелерін осы бағытта бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Мектепке дейінгі ұйымның 2024–2025 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы мен жылдық жұмыс жоспары назарға алынсын дамытудың басым бағыттары бойынша кеңестің ұсынымдары бекітілсін.

2 Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды: А.Н.Мухамбетжанова меңгеруші балалармен бірге өткізілетін жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру барысы туралы баяндады. Ол мерекелік сценарийлердің дайындығы топтарды безендіру және балаларға арналған қауіпсіздік шараларының сақталуы туралы ақпарат берді.

Сөз сөйледі: Ата-ана А.С.Қадырова, ертеңгіліктерді өткізу кезінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне баса назар аударуды сонымен қатар мерекелік шаралардың мазмұнды әрі қызықты өтуіне ата-аналар қауымдастығы да атсалысатынын жеткізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және өткізу жоспары мақұлдансын шараларды ұйымдастыру барысында техникалық және өрт қауіпсіздігі ережелерінің қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін.

3 Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Балабақшаның медбикесі Мұратова Н.М. балалардың тиімді тамақтануын ұйымдастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Ол бекітілген ас мәзірінің заңды нормаларға сәйкестігін тағамдардың сапасы мен калориялылығын және азық-түліктердің сақталу жағдайларын баяндады.

Сөз сөйледі: Кеңес мүшесі Ізмағанбетова Әлия Шектібайқызы балалардың денсаулығы үшін сапалы тамақтанудың маңызы зор екенін атап өтіп қамқоршылық кеңес тарапынан асхана жұмысына және тағам сапасына мерзімді түрде қоғамдық бақылау жүргізуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Балабақшада тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін жасалған жағдайлар қанағаттанарлық деп танылсын тағам сапасын бақылау мақсатында кеңес мүшелерінен құралған бракераждық комиссия құрамының жұмысы жандандырылсын.

4 Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды Жиналыс төрағасы мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігін алға тартты. Осы мақсатта қамқоршылық кеңестің есепшотына түскен ерікті қаражатты пайдаланудың нақты бағыттарын нысандарын мөлшері мен тәртібін айқындауды ұсынды. Қаражатты топтарға қажетті заманауи дамытушы құралдар мен ойыншықтар сатып алуға жұмсау мәселесі талқыланды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Нұрғалиева Жанар Жангелдіқызы жиналған ерікті қаражаттың мөлшері мен жұмсалыу тәртібі толықтай ашық болуы тиіс екенін және сатып алынатын жабдықтардың тізімі кеңес мүшелерімен келісілуі керектігін айтты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ Материалдық-техникалық базаны нығайту үшін қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібі бекітілсін бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуы бойынша есеп келесі отырыста тыңдалсын.

Жиналыс төрағасы

Жиналыс хатшысы

Казиева А.Н.

Маренова А.Н.

